

БІЛІМ БЕРУГЕ КІРІСПЕ

Пәнге кіріспе

The background of the page is a vibrant, abstract composition of numerous overlapping, irregular geometric shapes. These shapes, in various colors including shades of blue, teal, yellow, red, purple, and green, are scattered across the lower two-thirds of the page, creating a dynamic and modern visual texture.



Білім туралы Зерттеулер Дегеніміз Не?

Білім туралы зерттеулер – адамдардың қалай үздіксіз білім алатынын, дамитынын зерттейтін және білімнің сипаттары мен оларды тану мен түсінудің зерттеу әдістерін қарастыратын, пайымдайтын пән. Мұнда білім процестері, жүйелері және әдістерінің қатаң интеллектуалдық талдамалары жасалады, сонымен қатар олардың мәдени, әлеуметтік, саяси, тарихи және экономикалық маңыздары да қарастырылады.

Білім саласындағы зерттеулер мынадай сұрақтар төңірегінде ой қозғайды: «Білім дегеніміз не? Ол не үшін қажет? Оны бақылайтын кімдер және бұл не үшін?» және т.с.с. Сонымен қатар зерттеулерде, білімнің әлеуметтік, саяси сынды түрлі аспектілеріне де сыни тұрғыда көңіл бөлінеді.

Бұрынғырақ, білім туралы зерттеулер оқытушыларды дайындау бағдарламаларының өте маңызды элементі деп танылатын. Әсіресе, II Дүниежүзілік Соғысынан кейінгі кезеңде бұл үрдіс қанат жайып, нәтижесінде, сапалы білім алған оқытушыларға деген сұраныс қалыптасты.

Оны қанағаттандыру үшін, педагогикалық колледждердегі оқытушылар дайындайтын курстардың мерзімі ұзартылды. 1963 жылы жасалған Роббинстің баяндамасында оқытушылықты толық кәсіби деңгейге көтеру жөнінде мәселе көтеріліп, сол кезден бастап Білім бакалавры (Bachelor of Education) деген мамандық пайда болды. Енді студенттер білім саласын теориялық тұрғыдан да, тәжірибелік тұрғыдан да оқитын болды. Білім бакалавры бағдарламасына университеттерде бұрыннан бар бірқатар пәндер кірді. Атап айтқанда, мамандық бағдарламасының құрамына әлеуметтану, психология, философия және білім тарихы сынды пәндер. Олар өз кезегінде базалық пәндер деп аталды.

Бұл пәндер біртұтас кешен ретінде қарастырылмады және жеке-жеке оқытылды. Олар білім саласымен байланысты негізгі пәндермен байланыста берілмегендіктен, пәндердің өзара байланысы нашар болды. Көбінесе, студенттердің назары олар оқуды бітірген соң оқытатын пәндерге, оқытушылық тәжірибеге, сыныпты басқару және бақылау аспектілеріне көбірек аударылды. Кейіннен білімді теориялық және академиялық зерделеу студенттердің талап-тілектеріне сай болуы үшін, бакалавриат бағдарламасына осы пәндердің өзара байланысын нығайту мақсатында кешенді өзгерістер енгізілді. Сол кезден бастап оқу жоспары, кәсіби оқыту деген сынды ұғымдар мен категориялар пайда болды. Аталмыш өзгерістер білім саласындағы мамандықтың дамуындағы маңызды дүниелер.

Жоғары білімді қаржыландыру Кеңесінің (NEFCE) қолдауымен тез дамып келе жатқан білім саласында білім туралы зерттеулер деп аталатын жаңа бағдарлама пайда болды. Бұл мамандық студенттер арасында сұранысқа ие.

Білім туралы зерттеулер пәнінің табиғаты (сипаттамасы).

Білім саласын мамандық ретінде таңдап алғаннан кейін, оған деген сыни пайымдарды білу қажет болады. Саланың негізгі мәселелерінің қатарына «Білім дегеніміз не және оның мақсаттары қандай? Білім беру мен білім алу процестері қалай жүреді және ондағы жетістіктерге табиғи дарын әсер ете ме, әлде кіріс, жыныс, этникалық шығу тегі сынды әлеуметтік факторлар әсер ете ме?» деген сұрақтар кіреді. Сонымен қатар, білім саласындағы саясат және оны зерттеу жолдары сынды мәселелерге де көңіл аударатын боласыз. Білім саласын академиялық тұрғыдан зерделеу үрдісі қайтып оралғаннан және студенттердің білім саласында мамандануға деген қызығушылығы артқаннан бері, мамандықтың әуел бастан-ақ базалық пәндері ретінде танылған пәндердің де маңызы арта бастады. Сондықтан, білім саласының аспектілері түрлі пәндер тұрғысынан зерттеледі, атап айтқанда, философия, психология, әлеуметтану және тарих.

Девис пен Хогарт (2004) білім саласындағы зерттеулердің табиғатына нақты анықтама беруде әртүрлі пайымдар келтіреді. Дегенмен мынадай сипаттар тән делінеді:

- бұл «жас», әрі енді дамып келе жатқан сала;
- білімді зерттеуде сыни, аналитикалық және «тұрақты» әдістерді талап етеді;
- ол фундаменталды, даулы түсініктермен күреседі;
- оның аясында тек оқытушылар мен мектептер ғана қарастырылмайды, сонымен бірге өзге де түрлі перспективалар зерттеледі;
- ол құбылысты тек бір көзқарас тұрғысынан емес, түрлі тұрғылардан түсіндіруге тырысады.

Білім саласын академиялық тұрғыдан зерттейтін базалық пәндер, өз кезегінде, әлеумет пен қоғамды зерттеумен тығыз байланысты пәндер. Олардың аясында орныққан әдістер мен теориялар білім саласындағы зерттеулерде пайдаланылады.



Философия

Кертстің (2011) пікірінше, философия пәні мен философтар білім, оқу және оқыту мәселелерімен 3000 жылдан аса уақыт айналысып келеді. Білім философиясы білім саласындағы іс-әрекет пен ойдың негізінде жатқан идеяларды түсіндіреді, талдайды. Философтар қарастыратын сұрақтар, білімнің табиғаты мен мақсатына байланысты. Мысалы, білімді адам қандай болады, білім қалай ұйымдасады, нені оқып-үйрену керек деген сынды сұрақтар. Философиялық зерттеулер білімдегі сенім, идея, құндылықтар туралы сөз етеді. Аталмыш дүниелер білім процестерінің негізінде жатқан мәселелер, сондықтан олар білім саласының барлық аспектілерінде көтеріледі.

Социология

Білім социологиясы тұлғаға деген социологиялық әсерлерді зерттейді және социологиялық процестерді сараптайды. Социологтар социологиялық кластың, этникалық шығу тектің және жыныстың, тұлғаның жеткен жетістіктеріне әсері туралы сұрақтарды көтереді. Сонымен қатар осы категориялар білім саласындағы негізгі идеялармен байланыстырыла қарастырылады. Социологиялық сараптама, қоғамның әр деңгейінде әрекет ететін билікті және оның білім нәтижелеріне қандай әсерлер беретінін зерделеумен байланысты. Бұл социологтың білім саласындағы саясатты ойластыру мен оны енгізу мәселелеріне деген қызығушылығымен байланысты түсіндіріледі.

Психология

Білім психологиясы, негізінен, тұлғалардың білімді қалай меңгеретінін және қалай дамитынын зерттейді. Психологтар адам қалай есейеді, интеллект қалай дамиды, тұлғалық, мотивация және сонымен бірге, білім алу және білім беру процесі дегеніміз не деген сынды сұрақтарды көтереді. Бұл пән табиғат пен тәрбие арасындағы байланыстарды қарастырады және олардың өзара байланыстары жеке тұлғаның дамуы мен жетістіктеріне қалай әсер ететінін зерделейді.

Тарих

Білім тарихы пәні білім саласына әсер еткен тарихи және әлеуметтік құбылыстарды, білім саласының даму кезеңдерін түсіндіріп бере алады. Бұл бүгінгі күні пайдаланылып жүрген білім жүйелері мен құрылымдарын пайымдауға көмектеседі.

Терминдер

Сыни пайым (Critical thinking) – белгілі бір құбылыс туралы жан-жақты және түрлі перспективадан алынған пікірлер мен пайымдарды білу.

Сұрақтар:

1. Білім саласындағы зерттеулер қандай пән?
2. Білім саласындағы зерттеулерде көбінесе қандай пәндердің әдіс-тәсілдері пайдаланылады?
3. Білім саласы мен философия пәні тоғысқан кезде қандай сұрақтар зерттеледі?
4. Білім саласы мен психология пәні тоғысқан кезде қандай мәселелер зерттеледі?
5. Білім саласы мен тарих пәні тоғысқан кезде қандай сұрақтар зерттеледі?
6. Білім саласы мен социология пәні тоғысқан кезде қандай мәселелер зерттеледі?